

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫН ФЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОГАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ  
А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ ҚОСТАНАЙ ӨҢІРЛІК УНИВЕРСИТЕТИ

«БЕКІТЕМІН»

А.Байтұрсынов атындағы  
Қостанай өңірлік университетінің  
Басқарма Төрағасы-Ректор  
Кабылдау комиссияның төрағасы  
С.Куанышбаев  
2023ж.



«6B11104 Актерлік шеберлік және театрландырылған  
қойылымдарды ұйымдастыру»  
білім беру бағдарламасы бойынша  
шығармашылық емтихан өткізудің бағдарламасы

Даярлау бағытының коды және атауы:

6B092 Тынығу

Білім беру бағдарлаламалары тобының коды және атауы:

B092 Тынығу

Дайындаған:

Өнер кафедрасының менгерушісі

С.Айсина

Келісілген:

Ө.Сұлтангазин атындағы

педагогикалық институты директорының м.а.

Т.Ахметов

Келісілген:

Академиялық мәселелер жөніндегі проректор

Е.Исақаев

## МАЗМҰНЫ

Нормативтік база .....	4
Жалпы ережелер.....	4
Шығармашылық емтихан мақсаты мен міндеттері.....	5
Емтихан өткізу тәртібі.....	5
Шығармашылық емтихан бағалау нысаны.....	6
Бірыңғай шығармашылық емтихан бағдарламасы (1 шығармашылық емтихан-орындау шеберлігі).....	7
Бірыңғай шығармашылық емтихан бағдарламасы (2 шығармашылық емтихан-ұйымдастыру-қойылым жұмысының негіздері).....	7

Бағдарламаны педагогика магистрі, өнер кафедрасы менгерушісі Айсина С.Т. және аға оқытушы Шамбетов Б.Р. әзірледі.

## **1. Нормативтік база**

Бағдарлама төмендегі нормативтік құжаттар негізінде әзірленді:

- 1.1. Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңы
- 1.2. Қазақстан Республикасы Конституциясы
- 1.3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 31 қазандагы № 600 бұйрығы "жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары"
- 1.4. Университет жарғысы

## **2. Жалпы ережелер**

2.1 Шығармашылық емтихандардың өтуі жоғары білім беру бағдарламаларын іске асыратын, білім беру үйымдарына оқуға қабылдау үлгілік қағидалары білім беру бағдарламасына сәйкес белгіленеді.

2.2 Университетке қабылдауда комиссия төрағасы азаматтардың Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген азаматтардың білім алу құқығын сақтау, қабылдау комиссиясы жұмысы жариялышты мен ашықтығын, оқуға түсушілердің қабілеті мен бейімділігін бағалаудың объективтілігін, қабылдау өткізудің барлық кезеңдерінде қабылдау комиссия жетекшісі қолжетімділігін қамтамасыз етеді.

"6B11104 Актерлік шеберлік және театрландырылған қойылымдарды үйымдастыру" білім беру бағдарламасына түсуші тұлғалар А.Байтұрсынов атындағы ҚОУ қабылдау комиссиясы өткізетін шығармашылық емтихан тапсырады.

"6B11104 Актерлік шеберлік және театрландырылған қойылымдарды үйымдастыру" білім беру бағдарламасына түсетін жалпы орта (жалпы орта) білім беру үйымдарының тұлектері немесе техникалық және кәсіптік (бастауыш және орта кәсіптік), орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйымдарының тұлектері үшін екі шығармашылық емтихан, сондай-ақ ҰБТ: Қазақстан тарихы, оқу сауаттылығы (оқу тілі)пәндері бойынша балдар ескеріледі.

"6B11104 Актерлік шеберлік және театрландырылған қойылымдарды үйымдастыру" білім беру бағдарламасына түсетін, "орта буын маманы" немесе "қолданбалы бакалавр" біліктілігі бар техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар, мемлекеттік білім беру гранттарын беру жөніндегі конкурсқа қатысқысы келетін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша бір шығармашылық емтихан сондай-ақ ҰБТ пәні: Қазақстан тарихы бойынша балдар ескеріледі,

"6B11104 Актерлік шеберлік және театрландырылған қойылымдарды үйымдастыру" білім беру бағдарламасына түсетін, жоғары, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар адамдар үшін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша әңгімелесу жүргізіледі.

2.3 Шығармашылық емтихан тапсыру үшін түсушілердің өтініштерін қабылдау университетте ағымдағы жылдың 20 маусымы мен 7 шілдесі аралығында жүзеге асырылады.

2.4 Шығармашылық емтихан ағымдағы жылдың 8-15 шілдесі аралығында өткізіледі.

2.5 Шығармашылық емтихандарды өткізу нысаны жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына сәйкес белгіленеді.

2.6 Орта білім беру үйымдарының тұлектері үшін 2 шығармашылық емтихан өткізіледі: «Орындау шеберлігі» және «Ұйымдастыру-қойылым жұмысының негіздері».

2.7 Орта буын маманы" немесе "қолданбалы бакалавр" біліктілігі бар техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білім беру үйымдарының тұлектеріне арналған шығармашылық емтихан жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша 1 "орындаушылық шеберлік"шығармашылық емтиханы бойынша өткізіледі.

2.8. Жоғары білімі бар адамдар үшін әңгімелесу өткізіледі. "6B11104 актерлік шеберлік және театрландырылған қойылымдарды ұйымдастыру" білім беру бағдарламасына қабылдау шығармашылық емтихандар бойынша балдарды ескере отырып жүргізіледі.

### **3. Шығармашылық емтихан мақсаты мен міндеттері**

3.1 Шығармашылық емтихан мақсаты мектеп түлектері шығармашылық қабілетін бағалау мен кәсіби шығармашылық бағытын анықтау.

3.2 Аталған "6B11104 Актерлік шеберлік және театрландырылған қойылымдарды ұйымдастыру" білім беру бағдарламасы шығармашылық емтихан міндеті түлектердің шығармашылық қабілетін бағалау, хореографиялық қабілетін, музыкалық, ырғактық сезім, актерлік шеберлік, теориялық білім, аналитикалық ой және жан-жақтылықты бағалау басты міндет болып табылады.

### **4. Емтихан өткізу тәртібі**

4.1 Шығармашылық емтихан кестесін (емтиханды өткізу түрі, күні, уақыты және өткізу орны мен консультациялар) университет қабылдау комиссия төрағасы бекітеді және оқуға түсушілерге құжаттар қабылдау кезінде жеткізіледі.

4.2 Шығармашылық емтихан уақыты - 4 академиялық сағат.

4.3 Шығармашылық емтихандарды өткізу аудиториясына жіберуді және емтихандарды өткізу кезінде осы ережелерді сақтауды қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы және оның орынбасары, емтихандарды өткізуге тартылған арнайы кезекшілер, техникалық хатшылар қамтамасыз етеді.

4.4 Шығармашылық емтихан тапсыру кезінде аудиторияға бөтен адамдар қіргізілмейді.

4.5 Тапсыруши түлек шығармашылық емтихан кестесінде көрсетілген уақытымен келуі керек. Емтиханның басталуына 30 минут қалғанда түлектер аудиторияға кіргізіледі.

4.6 Түлек шығармашылық емтихан тапсыратын аудиторияға төл құжаты мен қабылдау комиссиясы берген қабылдау жөніндегі қолхатымен келуі керек.

4.7 Шығармашылық емтихан тапсыру кезінде орын ауыстырып, емтихан билетін ауыстыруға және ұялы телефонмен кіруге тыыйым салынады.

4.8 Шығармашылық емтихандарды өткізу кезінде талапкерлер мынадай талаптарды сақтайды: 1) тыныштықты сақтау және өз бетінше жұмыс істеу, емтихан алушылармен және басқа талапкерлермен сөйлеспеу; 2) аудитория бойынша жүрмеу; 3) шығармашылық емтихан аяқталғанға дейін Емтихан алушының рұқсатынсыз емтихан аудиториясынан шықпау.

4.9 Аталған Ескеरтуді бұзған талапкер аудиториядан шығарылады. Емтихан жұмысы парагына емтиханнан шығарылу себебі жазылып, тапсырма бағасы жойылады.

4.10 Емтиханға кешіккен немесе дәлелді себеппен келмеген жағдайда талапкер жазбаша өтініші негізінде және шығармашылық емтиханды өткізіп алу себебін растайтын құжатты ұсынған жағдайда ректор рұқсаты бойынша бекітілген кесте бойынша баска уақытта шығармашылық емтиханға жіберіледі. Шығармашылық емтиханға келмеудің дәлелді себебі: 1) талапкер ауруы (емдеу мекемесінің мөрімен расталған емдеу мекемесінен ауруы туралы анықтаманы ұсынумен расталады); 2) төтенше жағдай; 3) форс-мажор (анықтамамен расталады).

4.11 Дәлелді себептермен шығармашылық емтиханға келмеген адамдар оларға қосымша белгіленген күні шығармашылық емтихандарды өткізу мерзімінен кешіктірілмей жіберіледі.

4.12 Дәлелді себепсіз шығармашылық емтихандарға келмеген талапкерлер емтихан тапсыруға жіберілмейді.

4.13 Шығармашылық емтихандарға қайта қатысуға және қайта тапсыруға жол берілмейді.

4.14 Шығармашылық емтиханды өткізу қорытындылары Бағалау парагы мен пәндік комиссия хаттамасымен ресімделеді. Бағалау қағазы мен бағалары және тексеруші емтихан алушылар, пәндік комиссия тәрағасы қолдары қойылған хаттама нәтижелерін жариялау үшін жауапты хатшыға (оның орынбасарына) беріледі.

4.15 Емтихан қорытындысы сол күні жарияланады.

4.16 Шығармашылық емтиханды бағалау кезінде талаптардың сакталуын қамтамасыз ету және даулы мәселелерді шешу, шығармашылық емтихандарды тапсырушы адамдардың құқықтарын қорғау мақсатында емтихандарды өткізу кезеңінде әрбір жоғары оку орнында апелляциялық комиссия құрылады. Апелляциялық комиссиялар шығармашылық емтихан нәтижелерімен келіспеген адамдардың өтініштерін қарастыру үшін құрылады. Апелляциялық комиссияның тәрағасы мен құрамы ЖОО ректорының бүйрығымен бекітіледі.

4.17 Апелляцияға өтінішті шығармашылық емтихан тапсырылған адам апелляциялық комиссия тәрағасының атына жеке береді. Шығармашылық емтихан нәтижелерімен келіспеу туралы апелляция жөніндегі шешім комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар тен болған жағдайда Комиссия тәрағасының дауысы шешуші болып табылады. Апелляциялық комиссияның жұмысы тәраға және Комиссияның барлық мүшелері қол қойған хаттамамен ресімделеді.

## 5. Шығармашылық емтихан бағалау нысаны

5.1 Жалпыға орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі туралы құжаттары бар талапкер үшін шығармашылық емтихандар 45 балдық жүйе бойынша бағаланады.

5.2. Қысқартылған оқыту мерзіміне тапсырылған жоғары білім кадрларын даярлаудың үқас багыттары бойынша окуға түсушілер үшін шығармашылық емтихан 20 балдық жүйе бойынша бағаланады

"6B11104 Актерлік шеберлік және театрландырылған қойылымдарды үйымдастыру" білім беру бағдарламасы бойынша 2 шығармашылық емтихан өткізіледі: "Орындау шеберлігі" (бірінші шығармашылық емтихан), "Үйымдастыру – қойылым жұмысының негіздері" (екінші шығармашылық емтихан).

5.3. Орта білім беру үйымдарының түлектері үшін 2 шығармашылық емтихан өткізіледі: «Орындау шеберлігі» (бірінші шығармашылық емтихан), "Үйымдастыру – қойылым жұмысының негіздері" (екінші шығармашылық емтихан) және 45 балдық жүйе бойынша бағаланады, оның ішінде әрбір шығармашылық емтихан бойынша кемінде 5 балл жинау керек.

5.4. Жоғары білім кадрларын даярлаудың үқас багыттары бойынша "орта буын маманы" немесе "қолданбалы бакалавр" біліктілігімен техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білім беру үйымдарының түлектері үшін бір шығармашылық емтихан «Орындау шеберлігі» өткізіледі және 20 балдық жүйе бойынша бағаланады. 5 баллдан кем болмауы керек.

5.5 Жоғары білімі бар адамдар үшін әнгімелесу өткізіледі.

5.6. Егер талапкер хореографиялық мәнерлілік құралдарын жоғары сапалы менгергенін, әртістік орындаушылығын, ырғақ сезімін, иілгіштігін көрсеткен болса "өте жақсы" деген баға қойылады.

5.3 Егер талапкердің би композициясын орындауды сенімді, техникалық дұрыс, бірак сонымен бірге бидің көркемдік қабылдаудына әсер етпейтін техникалық категіліктер аздау болса, "жақсы" бағасы қойылады,

5.4 Егер талапкер биді толығымен сенімді орында алмай, орындау кезінде қателіктер бар, бейнені жеткілікті турде ашпау, әртістіктің болмауы, қозғалыс ауқымды аз көрсеткен жағдайда "қанағаттанарлық" деген баға қойылады:

5.5 Егер талапкер би комбинациясын орындауда мен көрсетудін, бастаманың жоқтығын, техникалық және көркемдік мәнерлілік құралдарын нашар менгеріп, хореографиялық

материалды білу деңгейін қажетті деңгейге сәйкес көрсетпесе "қанагаттанарлықсыз" деген баға, қойылады.

## **6. Бірыңғай шығармашылық емтихан бағдарламасы**

### **1 шығармашылық емтихан-орындау шеберлігі**

6.1 Жалпы орта (жалпы орта) білім беру үйымдарының түлектеріне, сондай-ақ жоғары білім беру үйымдарының түлектеріне қойылатын талаптар:

6.1.1. Шығармашылық бағдарламаны орындау: өлеңді, монологты, әдеби-көркем шығармадан үзінді жатқа оқу;

6.1.2 Актерлік деректерді анықтау, прозадан үзінді оқу;

6.1.3 Талапкердің жалпы ой-өрісін, жалпы мәдени деңгейін, оның эстетикалық көзқарасын, театр өнері саласындағы эрудициясын анықтау.

6.2. Жалпы орта (жалпы орта) білім беру үйымдарының түлектеріне, техникалық және кәсіптік (бастауыш және орта кәсіптік), орта білімнен кейінгі білімнің, сондай-ақ өнер мектебі, Музыка және педагогикалық колледж базасында жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйымдарының түлектеріне қойылатын талаптар:

6.3. Таңдау бойынша шығармаларды музыкалық аспапта орындау; талапкердің жалпы ой-өрісін, жалпы мәдени деңгейін, оның эстетикалық көзқарасын, театр өнері саласындағы эрудициясын; мәдени-демалыс жұмысы саласындағы білімін анықтауга арналған кеңейтілген коллоквиум.

6.4. Шығармашылық емтихандарды бағалаудың негізгі критерийлері:

6.4.1. Емтихан бағдарламасында қазақстандық және шетелдік авторлардың әдеби-көркем шығармалары ұсынылуы тиіс;

6.4.2. Бағдарлама мәтінге және авторлық нұсқауларға дәл сәйкес орындалуы керек;

6.4.3. Бағдарламаның орындалуы талапкердің әртүрлі стильдер мен бағыттарды бағдарлау білімі мен дағдыларын айқындауы тиіс;

6.4.4. Бағдарламаның орындалуы тиісті мінез-құлыш мәдениетімен, кәсіби шоғырлануымен, ерікті қасиеттерінің көрінісімен және әртістігімен сахналық қойылымға сәйкес келуі тиіс;

6.4.5. Орындаудың әртістігі, көркем образды жеткізе білу, дикцияны менгеру, көркем ойлаудың, көркемдік орындаудың болуы бағаланады.

## **7. Бірыңғай шығармашылық емтихан бағдарламасы**

### **2 шығармашылық емтихан (Ұйымдастыру-қойылым жұмысының негіздері)**

7.1 Жалпы орта білім беру үйымдарының түлектеріне қойылатын талаптар:

7.1.1. Көркемдік қабілеттерін анықтау..

7.1.2. Ритмикалық, декламациялық, музыкалық қабілеттерді анықтау, қозғалыс пластикасының болуы, би қабілеттері..

7.1.3. Көркем және поэтикалық жадтың болуын анықтау..

7.2 Өнер мектебі, театр студиялары, Музыка және педагогикалық колледж базасында жалпы орта (жалпы орта) білім беру үйымдарының түлектеріне қойылатын талаптар::

7.3. Шығармашылық емтихандарды бағалаудың негізгі критерийлері:

7.3.1 Қабылдау емтиханының бағдарламасы шығармашылық емтихандардың талаптарына сәйкес келуі керек..

7.3.2 Көркемдік, музыкалық, би қабілеттерінің болуы бағаланады.